

Төлемдерді қабылдау және аудару бойынша қызметтер көрсету туралы шарты

Маңғыстау облысы

№030240000329/260097/00

Осы төлемдерді қабылдау және аудару бойынша қызметтер көрсету туралы қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) және Төлемдерді қабылдау және аудару бойынша қызметтер алуға талаптарға (бұдан әрі - Талаптар) қол қойған Клиент арасында бекітілді.

Банк пен Клиент бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп, ал әрқайсысы жекелей – Тарап деп немесе жоғарыда көрсетілгендей аталады.

Клиент Талаптарға қол қою арқылы Шартқа қосылады. Клиенттің Төлемдерді қабылдау және аудару бойынша қызметтер алуға Талаптардағы қолтаңбасы Клиенттің Шартты алғанын, оқығанын, түсінгенін және толық көлемде, қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз қабылдағанын және оны Банктің www.halykbank.kz корпоративтік сайты бойынша орналастырылған Шартқа қосылу арқылы қабылдайтынын растайды.

Банкте Клиенттің қойған қолы бар Талаптардың данасы болғандықтан, Клиент осы Шартта қолының болмағанын оның Шартты алмаған/оқымаған/түсінбеген/қабылдамаған деген дәлелі ретінде сілтеме жасауға құқығы жоқ.

Осы Шарт Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және Банк пен Клиент арасындағы өзге де құқықтық қатынастарын белгілейді, Банктің төлемдерді қабылдау және аудару бойынша қызметтерді іске асыруының, Банктің Клиентке басқа банктік қызметтер көрсетуді ұсынуының талаптары мен тәртібін анықтайды.

Осы Шарт заңды тұлғалар-Клиенттер, олардың филиалдары мен өкілдіктері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар мен Қазақстан Республикасының резиденттері – кәсіби медиаторларының пайдасына төлемдерді қабылдау және аудару бойынша қызметтер үшін пайдаланылады.

1. Глоссарий

Осы Шарттың мәтінінде пайдаланылатын терминдер, егер Шарттың мәтінінде басқадай түсінік берілмесе, оларға Шарттың төмендегі кестесінде берілген (Глоссарий) түсініктерге ие болады.

Банк	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ, оның филиалдары/ филиалдың құрылымдық/ арнаулы құрылымдық бөлімшелері/қызметкерлер
Бенефициар	Ақша алушы, төлем тағайындалған тұлға
Үзінді көшірме	Белгілі бір уақыт кезеңі үшін Шоттың жай-күйі туралы тиісті түрде ресімделген және Банктің мөртабанымен расталған құжат (қағаздық нұсқада немесе электрондық нысанда)
Заңнама	Белгілі бір тәртіпте қабылданған нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасы



Клиент	Шарт шеңберінде қызметтерді жеткізу, оның пайдасына төлеуші төлем жасайды (заңды тұлға, жеке кәсіпкер, шаруа қожалығы, жеке сот орындаушысы, жеке нотариус, адвокат, кәсіби медиатор).
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы - халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау және нығайту, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін құрылған халықаралық ұйым
Операциялық күн	Банк ақша аудару туралы нұсқауларды және нұсқауларды тоқтату немесе клиенттерден мұндай нұсқауларды қайтарып алу туралы өкімдерді қабылдауды және олардың пайдасына ақша аударуды іске асырумен байланысты хабарламаларды жіберуді жүзеге асыратын уақыт кезеңі
Төлеуші	Клиенттің пайдасына төлем жасайтын жеке тұлға
Тарап/Тараптар	Шарт жасаған Банк пен Клиент
Шот	Клиенттің банк шоты
Тарифтер	Банк көрсететін қызметтері үшін ұстайтын комиссияларының мөлшерін белгілейтін қолданыстағы тарифтер.
Өзіне-өзі қызмет ету құрылғысы	Төлеушіге өз бетімен ақша алуға және операциялардың жүргізігенін растайтын құжаттарды алуға және төлем карточкалары мен қолма-қол ақшаны пайдаланумен төлемдер жүргізуге мүмкіндік беретін құрылғылар, оның ішінде Cash-In функциясымен, және басқа да электрондық бағдарламалық-техникалық құрылғылар.
ФАТФ	Ақшаны жылыстатумен күресудің қаржылық шарасын әзірлеу тобы (ФАТФ). Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (АЖ/ТҚҚ) саласында әлемдік стандарттарды жасаумен айналысатын, сондай-ақ АЖ/ТҚҚ ұлттық жүйелерінің осы стандарттарға сәйкес келуін бағалауды жүзеге асыратын үкімет аралық ұйым
OFAC	АҚШ Қазынашылығының шетелдік активтерін бақылау басқармасы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және шетелдік терроризммен, есірткі сатумен және жаппай қырып-жою қаруын таратумен байланысты қызметпен күрес жүргізетін, АҚШ-тың мемлекеттік қазынашылық бөлімше; экономикалық санкциялардың қолданылуына, атап айтқанда АҚШ аумағындағы шетелдік активтерге тыйым салуға бақылау жасайды
Chargeback	Даулы төлемнің сомасын карточка ұстаушыға қайтару туралы, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тан өзге кез келген басқа эмитент банк шығарған карточканың ұстаушысының өтініші негізінде Халықаралық төлем жүйелерінің қағидаларына сәйкес жүргізілген тергеу нәтижелеріне негізделген Банктің талабы
Карточка ұстаушы	Клиенттің пайдасына қаржылық портал арқылы төлем жасайтын, эмитент банк оның атына карточка шығарған тұлға
Карточка	Мұндай карточканың эмитент банкі белгілеген тәртіпте және жағдайларда, карточкалық операциялар жасау үшін, сондай-ақ өзге операцияларды жүргізу үшін пайдаланылатын, шоттағы ақшаға қолжеткізу құралы.
Халықаралық төлем жүйесі (ХТЖ)	Бір сауда маркасымен шығатын халықаралық банктік төлемдер қауымдастығының қатысушылары арасындағы Транзакциялармен алмасу және өзара әрекеттесу жүйесі.
Қаржылық портал	Карточка ұстаушыларға Интернет желісінде төлемдерді карточканы пайдаланып жүргізуге мүмкіндік беретін Банктің бағдарламалық-аппараттық кешені.
Төлем құжаты	Оның негізінде немесе оның көмегімен азаматтық-құқықтық мәмілелердің, шарттардың талаптарына, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес ақшалай міндеттеменің орындалуы жүзеге асырылатын құжат



Талаптар	Төлемдерді Банктің Жүйелері арқылы қабылдау тәртібі мен талаптары анықталған Шарттың Техникалық ерекшелігі. Егер Шарт бойынша Банктің қандай да бір Жүйесін пайдалану арқылы төлемдерді қабылдау іске асырылмаса, тиісті жолдар толтырылмайды. Талаптар негізінде Клиент тапсырады, ал Банк Клиент ұсынған қызметтер (бұдан әрі – төлемдер) үшін төлеушілерден төлемдер қабылдау мен аударуды Талаптарда көрсетілген төлемдерді қабылдау арнасы (арналары) арқылы іске асырады.
Тыйым салынған қызметтер	Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген талаптарды бұзатын, Клиент сататын және/немесе Клиент қызметімен байланысты тауарлардың және/немесе қызметтердің түрлері, оның ішінде: Клиенттің қару-жарақ, жарылу қаупі бар және отпен атылатын заттар мен бұйымдарды, есірткі, психотроптық, улы, күйдіргіш және радиоактивті заттарды; адам мүшелері мен тіндерін; алкогольді және темекі өнімдерін (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың тиісті рұқсатынсыз); құмар ойындарды ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметтерді (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың тиісті рұқсатынсыз); сексуалды сипаттағы, сондай-ақ мораль мен өнегеліктің жалпы қабылданған нормаларына қайшы келетін қызметтерді іске асырумен (оның ішінде сатумен) байланысты тауарлар (қызметтер); Қазақстан Республикасының заңнамасына сай айналымда тыйым салынған немесе шектелген өзге тауарлар.

2. Шарттың мәні

2.1. Шартта белгіленген тәртіп пен талаптарда, Шартқа Техникалық ерекшелік болып табылатын Талаптардың негізінде Клиент тапсырады, ал Банк төлеушілерден Клиент ұсынған қызметтер үшін (бұдан әрі - төлемдер) төлемдер қабылдауды және аударуды Талаптарда көрсетілген төлемдерді қабылдау арналары арқылы жүзеге асырады.

2.2. Қабылданған төлемдер Клиенттің Талаптарда көрсетілген деректемелеріне аударылады.

2.3. Талаптарда белгіленген төлемдерді қабылдаудың пайдаланылатын арнасының түріне байланысты Шартта қарастырылған төлемдерді қабылдау және аудару бойынша жекелеген міндеттемелерді Тараптар орындайды. Шарт талаптарымен төлемдерді қабылдаудың екі арнасы қарастырылуы мүмкін: Банк бөлімшелері арқылы және өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларының желісі арқылы, мұндай жағдайда Шарт бойынша міндеттемелер төлемдер қабылдау режимін ескере отырып толық көлемде орындалады.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Банк:

3.1.1. Клиенттің пайдасына төлеушілерден қолма-қол ақшамен және/немесе төлеушілердің банктік шоттарынан төлемдер қабылдап кейін қабылданған сомаларды Шартта және Талаптарда қарастырылған талаптармен Клиенттің банктік шотына аударуға;

3.1.2. Клиент пайдасына төлемдер аударуды «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі №11-VI ҚР Заңына сәйкес тәртіпте және мерзімдерде іске асыруға;

3.1.3. Клиентті қабылданған төлем туралы Талаптарда көрсетілген тәсілмен хабардар етуге;

3.1.4. Клиент пайдасына төлемдерді аударуды:

- Банк бөлімшелері арқылы қабылданған төлемдер бойынша, Клиент хабарлама алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде;

• өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларының желісі арқылы қабылданған төлемдер

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



бойынша, техникалық іске асыру дерегі бойынша Банктің Клиентке жолдайтын жазбаша хабарламасында көрсетілген күннен бастап жүзеге асыруға кірісуге;

3.1.5. Клиенттің операциялары бойынша құпияны сақтау және олар бойынша мәліметтерді тек Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда ғана үшінші тұлғаларға беруге;

3.1.6. Банктің тікелей бақылауындағы төлемдерді қабылдау және өндеуге арналған жүйелердің тиісті түрде жұмыс істеуін қамтамасыз ету және ол Банкке байланыссыз себептермен тоқтатылған жағдайда қызмет көрсетуді қалпына келтіру үшін мүмкіндігіше барлық шараларды қолдануға;

3.1.7. төлемдерді қабылдау және аударуда қателіктер анықталған жағдайда Банктің осындай қателіктер табылған жұмыс күні барысында бұл туралы Клиентті қағаз тасымалдағышта және/немесе электрондық пошта және/немесе факсимильдік байланыс арқылы Талаптарда көрсетілген деректемелер бойынша хабардар етуге, сондай-ақ түзетулер енгізуге және тиісті төлемдер сомасын есепке алуға бағытталған әрекеттердің барлығын қолдануға;

3.1.8. клиентпен өзара әрекеттесу «on-line» режимі қолданылған жағдайда, карточка ұстаушы төлемді жүзеге асырған және/немесе Банктің қолма-қол ақшасымен жүзеге асырылған сәтте осы Шартқа 2-қосымшаға сай бөлінген байланыс арнасы арқылы электрондық түрде Клиентке төлем туралы мәліметтерді «on-line» режимінде беруге;

3.1.9. Банк ұстаған комиссия сомасы туралы хабарламаны Клиенттің электрондық мекенжайына хабарлама жіберу арқылы күн сайын автоматты режимде жіберуге (комиссия алу 1-сызбасында) міндеттенеді.

3.2. Банктің құқықтары:

3.2.1. Шарт бойынша ұсынылатын қызметтер үшін Клиенттен және (немесе) төлеушіден Банктің қолданыстағы тарифтеріне/Талаптарда көрсетілген тарифтерге сай комиссиялық сыйақы ұстау;

3.2.2. Клиенттің жазбаша сұрауының негізінде Клиентке төлемдерді қабылдаудың қосымша арнасын: Банк бөлімшелері арқылы немесе Банктің өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларының желісі арқылы (бұдан әрі – төлемдер қабылдаудың қосымша арнасы) қосу;

Клиенттің сұратуын қарастырғаннан кейін Банк арнаны қосатын күнді көрсете отырып Клиентке оны қосуға келісетіні туралы хабарлама немесе бас тарту туралы хабарлама жібереді. Клиенттің тиісті сұратуы және Банктің келісімі туралы жауапты хабарлама Шарттың ажыратылмас бөлігі болып танылады және төлемдердің қосымша арнасын қосу үшін жеткілікті негіз болып табылады, бұл ретте Шарт тиісті түрде өзгертілген болып саналады.

Банктің хабарламасында белгіленген төлемдерді қабылдаудың қосымша арнасын қосқан күннен бастап төлемдерді қабылдаудың қосымша арнасына қолданылатын (Банк бөлімшелері арқылы/Банктің өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларының желісі арқылы) Шарттың талаптары қолданысқа енгізіледі, бұл ретте Шартқа қосымша келісім жасалмайды;

3.2.3. Клиент төлейтін комиссия мөлшері Клиент пайдасына қабылданған төлемдердің нақты орташа айлық көлеміне сәйкес келмеген жағдайда Тараптардың алдын ала келісуі бойынша Шарт жасалған күннен 1 (бір) есепті жыл өткенде (егер Шарт ұзартылған болса), ал егер Шарт ұзартылған болса, онда Шарт ұзартылған күннен қайта қарау;



3.2.4. Клиентті (оның өкілін) тиісті түрде тексеру және сәйкестендіру үшін Клиенттен (оның өкілінен) қажетті мәліметтер мен құжаттарды беруін, бенефициарлық меншік иелерін анықтауды, сондай-ақ салық резиденттігі, қызмет түрі және жасалып жатқан операциялардың қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді, операцияларды жүргізумен байланысты болған құжаттарды беруін талап ету;

3.2.5. Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіпте, төлемдерді қабылдау бойынша жүргізілетін операциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуін тексеру мақсатында, Клиенттен Қазақстан Республикасының валюталық және өзге заңнамасында көзделген құжаттарды және ақпаратты беруді талап ету;

3.2.6. Клиентке банктік шот бойынша операцияларды жүргізуден бас тарту және (немесе) операциялар «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңында, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Клиенттің операцияларын тоқтата тұру;

3.2.7. Клиент Шарттың 7.7-тармақшасында белгіленген талаптарды бұзған жағдайда Клиенттің шотына Шартқа сәйкес ақша аударуды жүзеге асырмау;

3.2.8. мына жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тарту жолымен Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату:

Клиент жасап жатқан операцияларды зерделеу барысында Клиент іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланып жатыр деген күдіктер туындаған жағдайда;

банктік шот бойынша операцияларды жүргізуден бірнеше рет бас тартқан жағдайда немесе Клиенттің банктік шоттары бойынша операцияларды тоқтата тұрған жағдайда;

Клиентке және/немесе оның үлестес тұлғаларына қатысты кез келген елдің (мысалы, OFAC) немесе халықаралық ұйымның (қоса алғанда, бірақ ФАТФ және БҰҰ-мен шектелмей,) хүкіметіне сәйкес оларға салынған санкциялар бар болған жағдайда;

тиісті тексеру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда;

қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Банктің ішкі рәсімдерімен көзделген өзге жағдайларда;

1 есепті жыл ішінде төлемдердің түсімі болмаған жағдайда, кем дегенде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабарлама жіберу арқылы;

3.2.9. болуы мүмкін алаяқтық фактілері немесе ақпараттық жүйелерді пайдаланумен және/немесе тыйым салынған қызметтерді жүзеге асырумен байланысты Клиенттің басқа да заңсыз қызметі туралы негізді болжалдар бар болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды даулы жағдай анықталғанша/реттелгенше уақытша тоқтату. Тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған мұндай уақытша тоқтату Шартты бұзу болып табылмайды және мүліктік санкция қолдану және Банк үшін басқа жағымсыз салдар үшін негіз бола алмайды. Міндеттемелердің орындалуы уақытша тоқтатылған жағдайда Банк Клиентке

бұл туралы хабарлама жіберуге міндетті. Электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

3.2.10. Банкке келтірілген, Клиенттің ХТЖ қағидаларын және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуынан болған айыппұлдар мен залалдар үшін Клиентке шот ұсыну;

3.2.11. қызметтер карточка арқылы төленген жағдайда, Клиентпен жасалған Шартқа сәйкес, Клиент талап етпеген транзакциялар бойынша ақша сомасы қалса, ол пайда болған сәттен бастап 180 (жүз сексен) күн өткен оны Банктің кіріске шығару.

3.2.12. Клиентті Шарттағы барлық өзгерістер, жаңа редакцияда баяндалған өзгерістерді қоса, толықтырулар туралы мұндай өзгерістер, толықтырулар қолданысқа енгізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын, Банктің www.halykbank.kz электронды мекенжайы бойынша веб-сайтына ақпарат орналастыру арқылы хабардар ету. Мұндай хабарландырудан кейін және де Клиент өзгерістермен, толықтырулармен келіспеген жағдайда, Клиент бұл туралы Банкке жазбаша түрде, өзгерістер, толықтырулар қолданысқа енгізілетін күннен кеш емес, Банктің ынтымақтасудың талаптарын өзгерту мүмкіндігін қарастыруы үшін хабарлауы тиіс. Сондай-ақ Клиент сол мерзімде Банкке Шартты орындаудан бас тарту туралы тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шарттан бас тартуға құқылы.

Клиент өзгерістерге, толықтыруларға байланысты Шартты орындаудан бас тарту туралы қарсылықтарын және/немесе жазбаша хабарламаларын Банк көрсеткен, өзгерістер, толықтырулар қолданысқа енгізілетін күнге дейін ұсынбаған жағдайда немесе Клиент қарсылықтарын Банк көрсеткен күннен кейін ұсынған жағдайда, Банктің көрсетілген күні бар Шарт өзгерістер, толықтырулар есепке алынып әрекет етеді;

3.2.13. Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелер жоқ болған жағдайда Клиентке Шартты бұзудың ол белгілеген күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шарттан бас тарту;

3.3. Клиент:

3.3.1. төлем жүргізген кезде оның төлем мақсатында қате мәліметтерді (деректемелерді) көрсете отырып, түзетулер енгізуге және тиісті төлемдер сомасын есепке алуға бағытталған барлық әрекеттерді қолдануға. Бұл ретте осындай әрекеттер төлеушілердің сұратуы бойынша және олардың төлем жүргізілгені туралы үзіндіні (чек) көрсетуі бойынша жүзеге асырылуға тиіс.

Төлем карточкасын пайдаланумен жасалатын төлемдер бойынша Банктің қатысуымен төлеушіге қайтаруды жүзеге асыру қажет болған жағдайда Клиент төлем деректемелерін көрсете отырып және Клиенттің шотына қайтару үшін қаражат жеткілікті болған кезде Банктің атына ресми хат жібереді;

3.3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған міндеттерді Банктің орындауы үшін қажетті ақпаратты және құжаттарды, бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты қоса алғанда, Банкке беруге;

3.3.3. Банкке Талаптарда көрсетілген тарифтерге сәйкес комиссиялық сыйақы төлеуге;

3.3.4. Банк комиссиясының Клиенттен дұрыс алынбау фактісі анықталған кезде осындай фактінің анықталу күні ішінде Банкке хабарландыру жіберуге;

3.3.5. Банктің талап етуі бойынша Банкке Шарттың 3.2.4. және 3.2.5-тармақшаларында көзделген құжаттарды, сондай-ақ карточка ұстаушы Chargeback-ті бастамалаған жағдайда

Клиенттің қызметтер бойынша міндеттемелерді орындауға уәдесіз қарастырылған құжаттарды беруге
Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

міндеттенеді;

3.3.6. Карточка ұстаушы Chargeback-ті бастамалаған жағдайда Клиент Банктің талап етуі бойынша оның қызметтерді ұсыну бойынша міндеттемелерді орындауын растайтын құжаттарды беріп отыруға міндеттенеді.

3.4. Клиент:

3.4.1. Шартта қарастырылған талаптарға сәйкес қабылданған төлемдер бойынша Банктен ақпарат алуға;

3.4.2. Банк ұстаған комиссия сомасы туралы күн сайынғы хабарламалар алудан жауапты хабарлама жіберу арқылы бас тартуға (1-сызба комиссия алу кезінде);

3.4.3. Банктің Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауын талап етуге құқылы.

3.4.4. Рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау іс-әрекеттерінің тәртібі және рұқсат етілмеген төлемдер бойынша мәселелерді реттеу тәртібі, орындаудан негізсіз бас тарту немесе нұсқауды тиісті түрде орындамағаны үшін келтірілген залалды өтеу бойынша төлемдер жүргізу тәртібі мен мөлшері және басқа да мәселелер Клиентпен жасалған банктік шот шартының/ Банк пен төлеушілер арасында жасалған заңды тұлғалардың пайдасына төлемдерді қабылдау және аудару бойынша қосылу шарты шеңберінде реттеледі.

3.4.5. Ақша аударымы кезінде ақшаны қайтару мынадай жағдайларда іске асырылады:

1) ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын рұқсат етілмеген төлем фактісі белгіленгенде;

2) қате нұсқау орындалғанда;

3) бенефициар банкінің корреспонденттік шоты бойынша шығыс операцияларының жүргізілуіне кедергі жасайтын ақшаны басқарудың орындалмаған талаптары немесе шектеулері бар болса, ақша аударымын алу сәтінде бенефициар банктің клиенті болып табылмайтын тұлғаның пайдасына ақша түскенде;

4) Банкті барлық банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиядан айырғанда («Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 48-1-бабы;

5) Chargeback.

4. Өзара есеп айырысулар тәртібі

4.1. Тараптар арасындағы өзара есеп айырысулар ұлттық валютада (теңге) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және Шарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі (ресей рубліндегі төлемдерді қоспағанда, Банктің Байқоңыр өңірлік филиалында мұндай төлемдер болған жағдайда).

5. Chargeback

5.1. Банк Chargeback-ті алған (немесе бастамалаған, егер Банк эмитент банк болып табылса) жағдайда, Банк тауарды жеткізу немесе қызметтер көрсету бойынша міндеттемелердің орындалуын растайтын құжаттарды Банкке беру туралы Клиентке жазбаша талабымен (қағаз нұсқада немесе электронды түрде) өтініш білдіреді.



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

5.2. Клиент Шарттың 5.1-тармағына сәйкес талап етілген құжаттарды Банк мұндай ұсыну туралы талапты жібергеннен кейін 5 (бес) банктік күн ішінде Банкке ұсынуы тиіс.

5.3. Шарттың 5.1., 5.2-тармағына сәйкес Банкке ұсыну үшін қажетті құжаттар Клиентте болмаған жағдайда немесе оларды Шарттың 5.2-тармағында көрсетілген мерзімде ұсынбаған жағдайда немесе Клиент карточка ұстаушы алдында өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісті түрде орындамау фактісімен келіскен жағдайда немесе егер ХТЖ транзакцияны алаяқтық деп даусыз мойындаса және Банкке ХТЖ тарапынан тиісті санкциялар тағайындалса, Банк өз қаражаты есебінен карточка ұстаушыға қайтарылуы тиіс төленген тапсырыстың сомасын қайтарады және соңында бұл соманы Клиенттің пайдасына жасалған төлемдердің негізінде Клиенттің Шотына аударылуы тиіс ақша есебінен ұстап қалады. Клиент осы арқылы Банктің карточка ұстаушыға қайтарылған, төленген тапсырыстың сомасын Клиенттің пайдасына жасалған төлемдердің негізінде Клиенттің Шотына аударылуы тиіс ақша есебінен ұстап қалуына өз келісімін білдіреді.

5.4. Банк Шарттың 5.3-тармағына сәйкес қызмет үшін төленген соманы қайтаруды іске асырған күннен бастап немесе Банк Шарттың 5.12-тармағына сәйкес Клиенттің нұсқауы бойынша карточка ұстаушыға ақшаны қайтаруды іске асырған күннен бастап 1 (бір операциялық) күн ішінде Банк Шарттың 5.3. және 5.12-тармағында көзделген тәртіпте қызмет үшін төленген соманы Клиенттің пайдасына төлемдердің жоқ болуына байланысты немесе Клиенттің пайдасына төлемдердің сомасы мұндай ұстап қалу үшін жеткіліксіз болса, немесе Клиенттің шотындағы ақша сомасы Клиенттің шотына үшінші тұлғалардың нұсқауларын орындауға байланысты ұстап қалу үшін жеткіліксіз болса, ұстап қала алмайды, Банк:

- Соманы Клиенттің Банкте ашылған кез келген банктік шотынан, соның ішінде Клиенттің Шотынан тікелей дебеттеу арқылы, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шартта және Банктің ішкі құжаттарында көзделген құжаттардың негізінде есептен шығаруға,

және/немесе

- Клиенттің Қазақстан Республикасындағы немесе одан тыс жерлердегі кез келген басқа банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шоттарына төлем талаптарын ұсынуға құқылы. Қазақстан Республикасының немесе тиісті шетелдік мемлекеттің заңнамасымен Клиенттің қосымша келісімін талап етпейтін төлем талаптарын ұсынуға жол берілген, мұндай төлем талабына Банк Шарттың түпнұсқасын немесе нотариус куәландырған көшірмені немесе төлем тапсырмасы бойынша ақшаны алып алуды (есептен шығаруды) іске асыру үшін қажетті басқа да құжаттарды қоса тіркейді.

Бұл ретте, Клиенттің Банкте ашылған банктік шотында ақша жеткілікті болған жағдайда, Банктің төлем құжаты онда көрсетілген ақша сомасына орындалуы тиіс, ал Банктің төлем құжатында көрсетілген ақша сомасының барлығын алып алу (есептен шығару) үшін – ақша жетіспеген жағдайда – Клиенттің Банкте ашылған банктік шотының картотекасында сақталуы тиіс.

Осы арқылы Клиент өзінің уәкілетті тұлғалары арқылы Банкке Шартта белгіленген жағдайларда, тәртіпте және мөлшерде, Клиенттің Банкте ашылған банктік шоттарынан тікелей дебеттеу жолымен Банктің ақшаны алып алуына келісімін береді.

5.5. Шарттың 5.4-тармағында белгіленген мерзім аяқталған соң 1 (бір) банктік күн ішінде Клиент төленген Тапсырыстың сомасын Банкке қайтару бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін жеткілікті ақша сомасының немесе Клиенттің нұсқауына сәйкес Банктің карточка



ұстаушыға қайтарған сомасының Клиенттің Шотында болуын қамтамасыз етеді.

5.6. Банктің Клиенттің Шотына транзакциялар бойынша ақшаны есепке алуы мұндай транзакцияларға рұқсат берушілікті түпкілікті және даусыз тануды білдірмейді. Мұндай транзакциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және ХТЖ ережелеріне сәйкес рұқсат етілмеген деп танылуы мүмкін. Осы арқылы Клиент транзакцияны алаяқтық деп танумен байланысты тәуекелдердің барлығын өзіне қабылдайды және Банк Chargeback-ті алған (немесе бастамалаған, егер Банк эмитент Банк болып табылса) жағдайда, тапсырысты төлеу үшін карточка ұстаушының карт-шотынан аударылған немесе Банк Клиенттің нұсқауы бойынша карточка ұстаушыға қайтарған ақшаны сөзсіз қайтаруға міндеттенеді.

5.7. Эмитент банкке карт-шотынан тапсырыстың төлемі жүргізілген карточка ұстаушының Шарт шеңберінде төленген тауарларды жеткізу немесе қызмет көрсету бойынша міндеттемелерді Клиенттің тиісті түрде орындамағаны туралы немесе Шарт бойынша тауарларды немесе қызметтерді төлеу үшін карточка ұстаушының карт-шотынан ақшаның заңсыз есептен шығарылғаны туралы жазбаша өтініші келіп түскен жағдайда Эмитент банк Chargebackті бастамалайды.

5.8. Банк осы Шартта белгіленген тәртіпте сомаларды ұстап қалуды/алып алуды (есептен шығаруды) іске асырған кезде Клиенттің банктік шоттарынан ұлталған/алынған (есептен шығарылған) соманың валютасы Банк жүргізген қайтару сомасының валютасына сәйкес келмейтін болып қалған жағдайда, Банк Клиенттің шотынан ұстап қалуға/есептен шығаруға жататын ақша сомасын карточка ұстаушыға қайтарылған соманың валютасына айырбастауды операция жүргізілетін күні қолданыстағы, Банкте белгіленген валютаның кез келгенін сату/сатып алу/есепті бағамы (Банктің таңдауымен) бойынша іске асырады.

5.9. Банк санкциялануы күдік тудыратын транзакцияларды анықтаған жағдайда, Банк Клиенттің шотына мұндай транзакциялар бойынша ақшаны аударуды тоқтата тұруға құқылы. Ақшаны аударуды тоқтата тұру транзакциялардың санкциялануын тергеу мерзіміне, бірақ транзакция жасалған сәттен күнтізбелік 180 (жүз сексен) күннен артық емес мерзімге іске асырылады.

5.10. ХТЖ транзакцияларды рұқсат етілмеген деп таныған жағдайда, ХТЖ Банкке Шарттың 5.3-тармағында көзделген санкцияларды тағайындағанға дейін Банк Клиенттің Шарттың 5.6-тармағында көзделген міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында рұқсат етілмеген транзакциялардың сомаларын алып алуды (есептен шығаруды) Шарттың 5.4-тармағында белгіленген тәртіпте іске асыруға құқылы.

Шарттың осы тармағына сәйкес Клиенттің шотынан Банк есептен шығарған Транзакциялар сомалары Банктің шоттарында транзакциялар бойынша санкциялар тағайындау үшін ХТЖ талаптарымен көзделген мерзімдер ішінде ескеріледі.

Егер транзакциялар бойынша санкциялар тағайындау үшін ХТЖ қағидаларымен көзделген мерзімдер аяқталғанға дейін мұндай санкциялар Банкке тағайындалатын болса, Банк рұқсат етілмеген транзакциялар сомаларын ХТЖ-ға Шарттың осы тармағына сәйкес Клиенттің Шотынан ұсталған қаражат есебінен өтеп береді және Шартқа сәйкес өзінің өзге де құқықтары мен міндеттемелерін жүзеге асырады.

Егер транзакциялар бойынша санкциялар тағайындау үшін ХТЖ қағидаларымен көзделген мерзімдер аяқталған соң мұндай санкциялар Банкке тағайындалмайтын болса, немесе олар бойынша сомаларды Банк Шарттың осы тармағына сәйкес ұстаған транзакциялардың санкциялануын ХТЖ мойындайтын болса, Банк ұсталған қаражатты Клиенттің шотына немесе



оның басқа ағымдағы шотына қайтаруға міндеттенеді.

5.11. Chargeback сомасы көрсетілген пайыздық арасалмақтың артқан күні алдындағы бір айдағы Клиенттің барлық транзакцияларының сомасынан 1% (бір пайыз) артқан жағдайда, Банк транзакциялардың өңделуін (Клиенттің шотына ақшаның аударылуын қоса) күнтізбелік 180 (жүз сексен) күнге дейінгі мерзімге тоқтатуға құқылы.

5.12. Банк Клиенттің нұсқауында көрсетілген тауарларды немесе қызметтерді төлеу үшін карточка ұстаушының карт-шотынан есептен шығарылған ақшаны карточка ұстаушының карт-шотына қайтару туралы Клиенттің жазбаша нұсқауын алған жағдайда, Банк бұл соманы Клиенттің пайдасына жасалатын төлемдердің негізінде Клиенттің шотына аударылуы тиіс ақша есебінен ұстап қалады. Клиент осы арқылы Клиенттің нұсқауына сәйкес Банк карточка ұстаушыға қайтарған соманы Банктің Клиент пайдасына жасалатын төлемдердің негізінде Клиенттің шотына аударылуы тиіс ақша есебінен ұстап қалуына өз келісімін білдіреді. Ақша болмаған жағдайда Клиент қайтару сомасының өтелуін қамтамасыз етуге міндетті. Клиенттің хаты бойынша қайтаруды Банк транзакцияның түпнұсқа деректемелері бойынша ғана іске асырады.

6. Конфиденциалдық

6.1. Банк ақпараттың конфиденциалдығын, соның ішінде Шартты жасаған және орындаған кезде алынған банктік құпияны құрайтын ақпараттың конфиденциалдығын қамтамасыз етеді және Клиенттің келісімінсіз немесе алдын ала келісімінсіз ақпаратты үшінші тұлғаларға беру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оның үшінші тұлғаларға ашылуына жол бермейді.

6.2. Банк ақпаратты конфиденциалдық негізде үшінші тұлғаларға ашу, беру үшін Клиенттің, оның өкілінің ақпаратты, соның ішінде банктік құпияны құрайтын ақпаратты ашуға, беруге келісімін, дербес деректерді жинауға және өңдеуге берген келісімдерін пайдалана алады.

6.3. Банк Клиенттің, оның өкілінің өздері үшінші тұлғаларға Шарт бойынша қызметтерді алған кезде Клиентке, оның өкіліне, Шартқа, Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға қатысы бар ақпаратты, соның ішінде банктік құпияны құрайтын ақпаратты ашу салдары үшін жауапкершілік арқаламайды. Аталған ақпаратты ашу салдарымен байланысты болған барлық тәуекелдерді Клиенттің өзі, оның өкілі арқалайды.

7. Тараптардың жауапкершілігі және форс-мажор

7.1. Шарт талаптарына сәйкес төлемдер сомасы уақытылы аударылмаған жағдайда, Банк Клиентке уақытылы аударылмаған соманың 0,01% мөлшерінде, бірақ 3 (үш) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде, айыппұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

7.2. Клиент Банкке Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және/немесе ХТЖ қағидаларын бұзуынан болған айыппұлдардың және өзге де шығындардың орнын толтыруға міндетті, егер мұндай бұзушылық уәкілетті органдар және/немесе ХТЖ тарапынан Банкке қатысты санкция қолдануға әкеп соқтыратын болса.

7.3. Шарт бойынша тұрақсыздық айыптарының сомаларын есептеу және ұсыну Тараптардың міндеті емес, құқығы болып табылады, егер Тараптар мұндай талаптарды қоймаса, онда тұрақсыздық айыптарының сомалары есептелуге және төленуге жатпайды.

7.4. Тараптар еңсерілмейтін күштер жағдайының салдарынан, яғни осы жағдайлар барысында Банк Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға нақты келетін ақпаратпен жеткіліксіз және ырық Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

бермейтін жағдайлар (табиғи апаттар, әскери қимылдар, тәртіпсіздіктер, ереуілдер, Шарттың орындалуына тыйым салатын, Шарттың орындалуына кедергі келтіретін кез келген мемлекеттік органның, соттың шешімі және т.б) салдарынан тиісті түрде орындау мүмкін болмаған жағдайда, өз міндеттемелерін ішінара немесе толығымен орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

7.5. Банк Клиент пен карточка ұстаушылар арасындағы өзара қарым-қатынастар үшін жауапкершілік арқаламайды. Клиенттің карточка ұстаушылар жүргізген төлемдер сомасын қайтаруы бойынша мәселелердің барлығын Клиент өз бетімен шешеді. Клиент пен карточка ұстаушының өзара жауапкершілігі олардың арасында бекітілген шарттарда анықталады.

7.6. Клиент Шарттың 3.3.3-тармақшасына сәйкес төленбеген/қайтарылмаған сомадан кешіктірілген күнтізбелік әрбір күн үшін 0,01% мөлшерінде (бірақ төленбеген/қайтарылмаған сомадан 5% көп емес) өсімақы түрінде Банкке төленуі/қайтарылуы тиіс сомаларды төлемегені/қайтармағаны үшін жауапкершілік арқалайды;

7.7. Клиент оның қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Шартпен белгіленген талаптарға сәйкес келетініне кепілдік береді;

8. Дербес деректер

8.1. Осы арқылы Клиент Клиенттің Банкке Шарт, Шарттың қосымша келісімі бойынша берілген және келешекте берілуі тиіс дербес деректер субъектілерінің дербес деректеріне қатысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес мұндай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын басқа да жағдайларда, Клиент дербес деректер субъектілерінен дербес деректерін жинауға және өңдеуге, дербес деректерін үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке беруге және өңдеуге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдерін алғанын растайды.

8.2. Банк қажет деп анықтаған жағдайда, Клиент Банкке Клиенттің Банкке Клиенттің дербес деректер субъектілерінен жинаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерін үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке беруге келісімдерінің құжаттай растамасын береді, келісімдердің болуының құжаттай растамасы мүмкін болмаған жағдайда, мұндай келісімдерді жинайды, сосын оларды алғанын растайды.

8.3. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке беруге келісімдердің болмағаны үшін жауапкершілік Клиентке жүктеледі. Банкке дербес деректер туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылғаны үшін қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда Клиент Банктің талап етуімен Банктің кез келген шығыстары мен залалдарын өтеуге міндеттенеді.

8.4. Осы арқылы, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» № 94-V Заңына сәйкес Клиент атынан Шартқа қол қоятын тұлға (бұдан әрі сондай-ақ - Субъект) Шартты Банкпен жасасу және орындау мақсатында Банкке Субектінің дербес деректерін Банктің жинауына және өңдеуіне, сондай-ақ ҚР заңнамасына және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын өзге де жағдайларда келісімін береді.

Дербес деректерді жинауды және өңдеуді Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен іске асырады.

9. Дауларды реттеу



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

9.1. Шарттың жасалуына, орындалуына байланысты туындайтын кез келген келіспеушіліктер мен дауларды Тараптар келіссөз жүргізу арқылы реттейді.

9.2. Тараптар бір-біріне жолдайтын кінәраттар жазбаша түрде жасалуы және жолдануы керек. Банк Клиенттің кінәраттарын Банктің ішкі құжаттарымен белгілеген тәртіп бойынша және мерзімде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарайды.

9.3. Келісімге қол жеткізілмеген барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгілеген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының соттарында шешілуі тиіс.

9.4. Шартқа қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

9.5. Клиент пен төлеушілер арасындағы есеп айырысулар бойынша өзара кінәраттарды тікелей олардың өздері, Банктің қатысуынсыз, қарайды.

10. Шарттың әрекет ету мерзімі

10.1. Шарт күшіне енеді және 2026-01-01 бастап 2026-12-31 дейін қолданылады.

10.2. Тараптардың төлемдер қабылдаудың қосымша арнасын қосу және оның жұмыс істеуіне қатысты қарым-қатынастарын реттейтін Шарттың ережелері Шарттың 3.2.2-тармақшасында қарастырылған іс-әрекеттер жүзеге асырылған жағдайда, төлемдер қабылдаудың қосымша арнасы қосылған күннен бастап күшіне енеді және Шарттың ұзартылу жағдайын қоса, Шарт әрекет ететін мерзім ішінде қолданылады.

10.3. Клиент Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелер болмаған жағдайда:

10.3.1. Шартты бұзудың ол белгілеген күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын;

10.3.2. Шарттың 3.2.12-тармақшасымен, 10.4-тармағымен белгіленген тәртіпке сәйкес Банк Шартқа енгізетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданылатын күн басталатын күнге дейін Банкке тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шарттан бас тартуға құқылы.

10.4. Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы Банктің хабарламасы болған жағдайда Клиент Шартты орындаудан Шарттың өзгерістер және (немесе) толықтырулары қолданылатын күн басталатын күнге дейін бас тартуға құқылы. Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы Банктің хабарламасынан кейінгі уақыт кезеңінде және мұндай өзгерістер және (немесе) толықтырулар қолданысқа енгізілетін (қолданылатын) күн басталатын күнге дейін Клиент өзгерістермен және (немесе) толықтырулармен келіспеуіне байланысты Шартты орындаудан бас тартпаса, онда осы уақыт кезеңінен кейін Шарт ондағы өзгерістер және (немесе) толықтырулар есепке алынып әрекет етуін жалғастыра береді, енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар Клиент тарапынан қабылданған болып саналады.

10.5. Тараптар арасында есеп айырысулар толығымен аяқталғаннан кейін Шарт өз әрекетін тоқтатады.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Қағаз нұсқадағы хабарламалар екінші Тарапқа қолхат арқылы табысталған немесе Талаптарда көрсетілген мекенжай бойынша тапсырысты хатпен жіберілген болса, екінші Тарап оны алды деп есептеледі (пошталық түбіртек болған жағдайда).



11.2. Тараптар Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруге екінші Тараптың жазбаша келісімі арқылы ғана жол берілетіндігіне келіседі.

11.3. Тараптардың біреуі қайта құрылған жағдайда осы Тараптың Шарт бойынша барлық құқықтары мен міндеттері құқықтық мирасқорына ауысады.

11.4. Шартқа кез келген өзгертулер мен толықтырулар Банк Клиентті Шартта белгіленген тәртіп бойынша хабардар еткен күннен немесе осындай хабарламада көрсетілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

11.5. Шарт талаптарында көзделмеген басқа барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

12. Реквизиттер

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ МОФ

Қазақстан Республикасы, Ақтау қ., 14 ш/а, 74
ғ.

БСН 940741000085

ЖСК KZ316010002202940190

АҚ Қазақстан Халық Банкі

БСК HSBKKZKX

тел.: 8 (7292) 700-101

e-mail: DinaraKe3@halykbank.kz

факс: 8 (7292) 700-171 /40151

Директор филиала

Сейдахмет Нұрлыбек Ержігітұлы

«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» ЖШС

130000, ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау
қаласы, 7 Өндірістік аумақ, 65 ғимарат
БСН: 030240000329

Банк: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Маңғыстау Облыстық Филиалы

БСК: HSBKKZKX

ЖСК: KZ966010231000017128

Тел.: +7 7292 504 800/+7 7292 564 168

Факс: +7 7292 31 43 64; Email:

maek@maek.kz

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ө. – тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
 Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
2026 қаржылық жыл												
	"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Төлем карталарына қызмет көрсету бойынша банктер қызметтері	Төлем карталарына қызмет көрсету бойынша банк қызметтері	Банктердің төлем карталарын ұстаушылардың төлемдерін қабылдау жөніндегі қызметтері	Бір қызмет	1	1 650 000.00	01.01.2026 ж бастап 31.12.2026 ж дейін	01.01.2026 ж бастап 31.12.2026 ж дейін	Маңғыстау облысы, Ақтау қ. Өндірістік аймағы 7, Ғ 65, "МАЭК" ЖШС; КД (1)	0	1 650 000.00

Договор

об оказании услуг по приему и переводу платежей

Мангистауская область

№030240000329/260097/00

Настоящий договор присоединения об оказании услуг по приему и переводу платежей (далее – Договор) заключен между АО «Народный Банк Казахстана» (далее – Банк) и Клиентом, подписавшим Условия на получение услуги по приему и переводу платежей (далее – Условия).

Банк и Клиент далее совместно именуются Сторонами, а каждый в отдельности – Стороной либо как указано выше.

Клиент присоединяется к Договору путем подписания Условий. Подпись Клиента в Условиях на получение услуги по приему и переводу платежей свидетельствует о том, что Клиент получил, прочитал, понял и принял Договор в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений, и принимает его не иначе как путем присоединения к Договору, размещенному на корпоративном сайте Банка www.halykbank.kz.

Клиент не вправе ссылаться на отсутствие его подписи на настоящем Договоре как на доказательство того, что Договор не был им получен/прочитан/понят/принят, если у Банка имеется экземпляр Условий, подписанный Клиентом.

Настоящий Договор устанавливает права, обязанности, ответственность Сторон и иные правоотношения между Банком и Клиентом, определяет условия и порядок осуществления Банком услуг по приему и переводу платежей, предоставления Банком Клиенту иного банковского обслуживания.

